

«ELT Perspectives: Practices, Challenges and Motivation»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу туралы
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

2024 жылғы 25 сәуір күні Астана қаласында «ELT Perspectives: Practices, Challenges And Motivation» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырамыз.

Конференция қатысушылары: білім беру ұйымдарының ағылшын тілі педагогтері

Мақсаты: Орта білім беру ұйымдарындағы ағылшын тілін оқытудың негізгі тенденцияларын талқылау, білім беру ұйымдарының ағылшын тілі педагогтерінің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру, озық, жаңашыл тәжірибені таратуға ықпал ету.

Міндеттері:

Білім беру процесінде инновациялық және басқарушылық технологияларды тиімді пайдаланатын ағылшын тілі педагогтерінің тәжірибесін тарату;

Ағылшын тілі педагогтерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту және кәсіби шеберлік деңгейін арттыру;

Жалпыға бірдей білім беру саласында тәжірибе алмасу және озық әдістемелер мен технологияларды енгізу үшін алаң құру.

Конференцияны ұйымдастырушылар:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК,
№ 89 мектеп-лицей

Конференция жұмысының бағыттары:

1. Педагогика: теория мен практиканың өзекті мәселелері.
2. Білім берудегі заманауи тәсілдер.
3. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи бағдарлары мен принциптері.
4. Оқытудағы жаңа бағыттар мен білім беру модельдері. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану.

Конференцияға қатысу форматы- конференцияға тікелей (тыңдаушылар алдында баяндама оқу: келіп қатысу немесе онлайн) және сырттай (мақаланы ағылшын тілінде жариялау) қатысу қарастырылады.

Конференцияға екі форматта қатысуға болады:

- **офлайн:**

- конференцияның спикері ретінде. Баяндама уақыты 5-7 минутқа дейін;
- тыңдаушы ретінде.

- **онлайн:**

- «**ELT Perspectives: Practices, Challenges and Motivation**» жинағында баяндама жариялау.

Конференцияның ашылуы: 2024 жылдың 25 сәуір күні сағат:10:00-де

Тіркеу:9:00

Өтінімдер мен мақалаларды ұсыну мерзімі

Қатысу үшін материалдарды conference2024eng@mail.ru электронды поштасына **2024 жылдың 10 сәуіріне дейін** (№1 қосымшаға сәйкес) өтінім мен мақалаларды жіберу қажет. Спикерлерге өтінім мен баяндама тезистерін, сонымен қатар презентацияны 15 сәуіріне дейін жіберу сұралады.

- конференцияға қатысуға жеке өтініші (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша);
- төлем чегінің көшірмесі. Төлем қатысушының атынан төленуі керек.

Баяндама материалдары талапқа сай толтырылмаған және уақытынан кешіктірілген, сондай-ақ, көшірілген жұмыстар конференцияға қатыстырылмайды.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі. Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі. Спикерлер алғыс хатпен марапатталады.

Жинаққа халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.edu.kz> сайтында жарияланады.

-конференцияға бірлесіп дайындалған (соавтор) жұмыстарды ұсынуға болады (1 автордан артық емес) 1 автор + 1 соавтор.

-пленарлық отырыста TEDx, презентация форматында

-секцияда сөз сөйлеу (регламент 5-7мин)

-конференцияның электронды мақалалар жинағына мақаласын ұсынып, тыңдаушы ретінде қатысуға болады.

Конференцияның жұмыс тілдері: ағылшын.

Жұмыс материалын жібергенде (өтінім мен мақала) «Конференция ағылшын тілі. Аты-жөні» деп көрсетіп жазу қажет. Мақалаларды көрсетілген электронды поштасына жолдау керек.

Көрсетілген жұмыс мерзімінен кейін қабылданбайды.

Конференция қорытындысы бойынша шағымдар мен апелляциялар қабылданбайды.

Келесі жағдайларда конференцияға қатыстырылмауы мүмкін:

Конференцияға қатысу үшін материалдар мен өтінімді жіберу мерзімінің сақталмауы;

Қатысушы туралы ақпараттардың дұрыс болмауы;

Конференцияға қатысудан жеке бас тарту;

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар

-Конференция материалдары мақалалардың электрондық жинағы түрінде жарияланады. Мақалалар А4 форматында электронды түрде қабылданады, 4 беттен (суреттерді, кестелерді, әдебиеттер тізімін қоса алғанда) аспауы қажет.

-Мәтін Microsoft Word редакторында теріледі, шрифт түрі –Times New Roman (KZ Times New Roman), шрифт өлшемі – 14, жоларалық интервал – бірлік (1). Жиегі: сол жақ – 3 см, жоғары және төмен – 2 см, оң жақ – 1,5 см. Абзац қою – 1 см. Мәтін жиектерін пробелдар және табуляциялар арқылы туралауға болмайды. Иллюстрациялардың, кестелердің және формулалардың сканерленген нұсқаларына жол берілмейді. Барлық суреттер мен кестелер нөмірленіп, астына түсініктемесі немесе атауы жазылуы қажет. Жазулар суреттің немесе кестенің бір бөлігі болмауы қажет. Кестелердің, суреттердің нөмірлерінде реттілік сақталуы керек. Нөмірлеу кестелер мен суреттердің әрқайсысына бөлек жүргізіледі. Егер мақалада бір ғана сурет немесе кесте болса нөмірленбейді.

Мақалалар тақырыбын рәсімдеу:

- Мақала тақырыбы парақтың ортасында **қою шрифтпен** жазылады;

-Автор(лар)дың аты-жөні, жұмыс орыны ортасында курсив шрифтпен жазылады;

- бұдан кейін пробел қойылып, мақала мәтіні жазылады. **Мақала мәтініндегі** пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшамен көрсетіледі [1.17 бет].

- мәтіннен кейін бірден (пробелсіз) **Әдебиеттер тізімі** (Ортасына бас әріп, **қою шрифтпен**, шрифт түрі, өлшемі – Microsoft Word, 14), әдебиеттер тізіміндегі ақпараттар ені бойынша тураланады, абзац қою – 1 см. Әдебиеттер тізімі мақала мәтініндегі дереккөзге сілтеме жасай отырып жасалады. Әдебиеттер тізімінің нөмірленуі қолмен қойылады.

- Баспа немесе интернет көздерінен алынған ақпараттарға сілтеме жасай отырып, пайдаланылған әдебиеттер тізіміне енгізу қажет.

-Авторлық құқықты бұзғаны үшін қатысушының өзі жауап береді.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Мухамеджанова Алма Каиркеновна, ұйымдастыру комитетінің төрайымы, Әдістемелік орталығы басшысының орынбасары
- Амирова Алтынай Бекпаевна, Астана қаласы Әдістемелік орталығы, әдіскері. Ұялы тел.87753528980
- Қалмағанбетова Балдырған Мамайқызы, Астана қаласы Әдістемелік орталығы, әдіскері. Ұялы тел.87788904657
- Астана қаласы шет тілдер қауымдастығының мүшесі: Изей Нұржамал Жақсыбайқызы. Ұялы тел.8702 832 3282

Ұйымдастыру жарнасы әр қатысушыға оффлайн 4000, онлайн 2000 теңгені құрайды.

Төлемдерді кез-келген банк бөлімшелерінде, Қазпочтада жүзеге асыруға болады. Төлем міндетті түрде конференцияға қатысушының атынан жүргізілуі тиіс және банктің комиссиясы жіберушінің есебінен жүзеге асырылады.

Төлем (ұйымдастыру жарнасы) қатысушы мақаласы мақұлданғаннан кейін ғана қабылданады. Мақаланы мақұлдау туралы хабарлама ұйымдастыру жарнасы реквезиттерімен бірге өтінімде көрсетілген қатысушының электронды поштасына жіберіледі.

Егер ұйымдастыру комитетінен жеке электронды поштасына келетін мақаланы мақұлдау туралы хабарламаны алмай тұрып төлем (ұйымдастыру жарнасы) жасалса, жіберілген қаржы (ұйымдастыру жарнасы) қайтарылмайды.

Конференция қатысушыларына қатысушы сертификаты электронды түрде өтінімде көрсетілген жеке электронды поштасына жіберіледі.

Тіркелу жарнасының деректемелері:

Компания: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Мекен-жайы: Қазақстан, Астана, Қабанбай Батыр, 33.

БИН (ИИН): 070540006188

Банк: АО «Kaspi Bank»

КБе: 16

БИК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ42722S000006089425

Қосымша 1

**«ELT Perspectives: Practices, Challenges and Motivation»
республикалық ғылыми-танымдық конференцияға
қатысуға өтінім**

№	Т.А.Ә лауазым	Облыс, қала/аудан білім беру ұйымының атауы	Қатысу түрі (тікелей / сырттай)	Баяндаманың тақырыбы	Конференция ның бағыты	Мақала (тақырыптық бағыт)	Байл аныс тел. (what sApp) эл.по чта

Рәсімдеу үлгісі
ТАҚЫРЫП ТАҚЫРЫП ТАҚЫРЫП ТАҚЫРЫП
Тегі Аты Әкесінің Аты
«№...Мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні
мәтіні	[1, 17 бет]	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні
мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні
мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні	мақала мәтіні
мақала мәтіні				мақала мәтіні	

Әдебиеттер тізімі:

1. Автор А. А. монографияның атауы. Баспа. - Астана, 2022.
 2. Мақалалар жинағының атауы / құраст. Аты-Жөні. Баспа. - Қала, 2015.
 3. Аты-жөні мақаланың атауы // журналдың атауы. 2015.
- № 5.URL: <http://observatoria.rsl.ru/ru/s3/s17/s364/ok1201>